

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2022 жылғы 4 мамыр

№: AIFC-C/CFI/2022/0010 ic

ERG RECYCLING ЖШС

Талап қоюшы

DA CHEN ЖШС-ға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Соттың Судьясы:

Судья Лорд Фолкс QC

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2022 жылғы 28 сәуірде берілген талап арызға сәйкес, Талап қоюшы осы Соттан Қазақстанның Халықаралық Төрелік Орталығының Төрағасы Барбара Доманн QC ханым 2021 ж. 3 қыркүйек хатпен №5/2021 ХТО Ісі бойынша тағайындаған дара төреші ханым Елена Нестерова шығарған 2022 жылғы 5 сәуірде Төрелік шешімнің 44-тармағында жазылған шараларды тану және орындау туралы Бұйрық шығаруды сұрайды.
2. Шешімді оқып шығып, мен бұл арыз негізделген деген шешімге келдім. Тиісінше, мен бұйырамын:
 - «Da Chen» ЖШС «ERG Recycling» ЖШС төлеуге:
 - (1) 613 878 697, 55 (алты жүз он үш миллион сегіз жүз жетпіс сегіз мың алты жүз тоқсан жеті) теңге, 55 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы;
 - (2) төрелік шығыстар 6 373 363,52 (алты миллион үш жүз жетпіс үш мың үш жүз алпыс үш) теңге, 52 тиын мөлшерінде;2022 жылғы 18 мамыр сәрсенбіде, яғни осы шешім мен бұйрық шығарылған күннен бастап 14 күннен кейін, сағат 18:00-ден кешіктірмей Нұрсұлтан қаласы уақыты бойынша.
3. Жауапкерге осы Бұйрық табысталған сәттен бастап 7 күн ішінде осы Бұйрықты жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.

Сот қабылдады,

Өкілдік:

Талап қоюшының өкілі Садртдинов Руслан мырза болды, «ERG Recycling» ЖШС

Жауапкердің өкілі Нурписова Қарлығаш ханым болды, «Deheng Law Office» ЖШС